

Т.Есетов атындағы № 264 мектеп-лицейінің қамқоршылық кеңес мүшелері
отырысының

Х А Т Т А М А С Ы № 3

Күні: 22.11.2023

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері мен мектеп-лицей әкімшілігі

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Мектеп-лицейдің әлеуметтік –мәдени сауықтыру бағытындағы іс-шараларының ұйымдастырылуы
2. Мектеп-лицей оқушыларының білім сапасын көтеруге , ішкі жұмыстарын дамытуға бағытталған жұмыстар
3. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасылары оқушыларына қолдау көрсету
4. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Мектеп-лицей директоры Б.С. Тумурзаев сөз алып, мектеп-лицей бойынша әлеуметтік –мәдени сауықтыру бағытындағы іс-шараларының ұйымдастырылуы туралы слайдпен көрсете отырып, жеке-жеке шараларға, демеушілерге тоқталып, түсіндіре келіп, I тоқсан бойынша оқу жетістіктерінен бастап, білім сапасы мен үлгірімінің есебін айтты. Мектеп-лицей базасына алынған заттармен толық таныстырды. Осы оқу жылы бойынша қажетті заттарға қанша қаражат бөлінгендігі туралы айтып, есеп берді.

Жыл бойы мектеп-лицейдің әлеуметтік-мәдени іс-шараларын өткізуге ат салысу (мектеп-лицей ұжымымен, оқушыларымен), әлеуметтік аз қамтамасыз етілген балаларды анықтау, көмек көрсету үшін заңды және жеке тұлғаларға хат дайындау, қайырымдылық шараларына тарту, оқушылар арасында тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру барысында арнайы сала мамандарымен кездесулерді жиі ұйымдастыру, мектеп-лицейдің материалдық –техникалық базасын жаңа оқу жылына дайындауға байланысты жоспарлы жұмыстар атқаруға кеңес мүшелерін шақырды.

Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Аралбаев: Мектеп-лицейінің керекті құрал-жабдықтарды қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен мектеп-лицейінің жеке кәсіпкер азаматтарын қолдау көрсетуге шақыру керектігін айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Б.Нұрқожаев: ата-аналарды үнемі мектеп-лицейдің ішкі жағдайларымен таныстырып отыру керек, сонымен қатар аптасына бір рет ана-аналарды кестеге сәйкес шақырып, денешынықтыру

сайыстарын тұрақты түрде өткізуді дәстүрге айналдыру керектігін айтты. Сонда ғана ата-ана мектеп-лицей өмірімен танысып, кейбір жағдайларды көздерімен көруге мәжбүр болатындығын айтты. Сонымен қатар мектеп-лицей ауласын көркейту көгалдандыруға аса қажет аяқсумен қамтамасыз ету жұмыстары айтылып, алдағы уақытта мәселенің оң шешім табатындығына уәде берді.

Қамқоршылық кеңес мүшесі А.Турешова: Қазіргі таңдағы мектеп-лицейінің аз қамтылған оқушыларға көмек көрсету керектігі айтылды.

Қаулы:

1. Мектеп-лицейдің әлеуметтік –мәдени сауықтыру бағытындағы іс-шаралары ұйымдастырылсын.
2. Мектеп-лицей оқушыларының білім сапасын көтеруге , ішкі жұмыстарын дамытуға бағытталған жұмыстар үнемі жүргізілсін.
3. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасылары оқушыларына қолдау көрсетілсін
4. Ағымдағы айтылған мәселелер жөнінде жұмыстар атқарылсын.

Мектеп-лицей директоры
Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Б.С. Тумурзаев

Б.Нұрқожаев

М.Абдуллаева